

**Қылқан жапырақты тұқымдастардың жұмыр ағаш материалдарын және қылқан жапырақты ағаштың бөрене түріндегі отындық сүректерін экспорттауға тыйым салуды енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 желтоқсан N 1571. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.16. N 785 қаулысымен. ~P020785

Ормандарды сақтау, заңсыз кесудің өсімін азайту мақсатында және "Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z952368\_20-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап үш жыл мерзімге Қазақстан Республикасының аумағынан қылқан жапырақты тұқымдастардың жұмыр ағаш материалдарын (ТМД СЭЖ ТН коды 4403 10 - 4403 20) және қылқан жапырақты ағаштың бөрене түріндегі отындық сүректерін (ТМД СЭЖ ТН коды 4401 10 000-ден) экспорттауға тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті осы қаулының 1-тармағын орындау жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының қылқан жапырақты тұқымдастардың жұмыр ағаш материалдары және қылқан жапырақты ағаштың бөрене түріндегі отындық сүректерін экспорттауға тыйым салуды енгізгені туралы белгіленген тәртіппен Еуразия Экономикалық Қоғамдастығының Интеграциялық комитетін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жуманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК